## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2026 жылғы 24 тамыздағы № 952 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 тамызда № 39690 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі* *Д. Косанов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2026 жылғы 24 тамыздағы
№ 952 Бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 232 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20742 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік баспанасын жалға алу шартын жасасу және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 1141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30965 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік баспанасын жалға алу шартын жасасу және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын (қызметкерлерін) есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 765 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34820 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын (қызметкерлерін) есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің

өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 26 мамырдағы
№ 232 бұйрығымен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері;

2) көрсетілетін қызметті алушы – мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшіні, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсантты, тыңдаушыны , кадетті, әскери жиындарға шақырылған әскери міндетті адамды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы айқындаған лауазымды адам;

4) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

5) ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесі.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қағидаларға 1 және 2-

қосымшаларға сәйкес нысан бойынша портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не бір реттік парольмен куәландырылған баянатпен өтініш жасайды. Мәліметтерді жаңарту, өзгерту немесе толықтыру үшін көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не бір реттік парольмен куәландырылған баянатты портал арқылы береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген мәліметтер (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 4-қосымшада мазмұндалған.

Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі (бұдан әрі – құжаттар) Тізбенің 10-тармағында айқындалған.

Мемлекеттік қызмет көрсету баянатты және оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдауды және тіркеуді, көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілген баянатты және құжаттарды өңдеуді және беруді, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастыруды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін "цифрлық үкімет" порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберуді қамтамасыз ететін ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесі пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұранымды қарау белгісі туралы ақпарат көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы ұсынған баянатта және ( немесе) құжаттарда қате немесе дәлсіздік анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша талаптарға сәйкес келмеген, Тізбенің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды қайта ұсынады.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға баянатты және (немесе) құжаттарды қабылдау күні көрсетілетін қызметті алушының алғашқы жүгінген күні болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

5. Көрсетілетін қызметті алушы құжат топтамасын толық ұсынғанда көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру баянат (өтініш) қабылданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі Тізбенің 7-тармағында айқындалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық түрде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту себебі көрсетіліп, жауап көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылғанда көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау жүргізілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады.

7. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оларды көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғарғы әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

9. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуі мүмкін.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғынжайға мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер
10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
__.__.20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Баянат берілген күн"

__________________________
аудандық пайдалану
(атауы) бөлімінің бастығына
________________ мекенжайы
бойынша тұратын
әскери қызметші
__________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының
__________________________
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің
аты (болса)
__________________________
(мемлекеттік мекеменің (әскери
бөлімнің) атауы)

**Баянат**

Сізден мені және менің отбасымның мүшелерін қызметтік тұрғынжай алу үшін " Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-1-бабында көзделген тұрғынжайға өз құқығымды іске асыру үшін ________________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюыңызды сұраймын.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілгенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, " Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін .

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғынжайға мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
2-қосымша

Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Баянат берілген күн"

________________________
аудандық пайдалану (атауы)
бөлімінің бастығына
________________ мекенжайы
бойынша тұратын әскери
қызметші

___________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының

___________________________
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің

аты (болса)

______________________________
(мемлекеттік мекеменің (әскери
бөлімнің) атауы)

**Баянат**

Сізден мені және менің отбасы мүшелерімді ағымдағы тұрғын үй төлемін тағайындау үшін "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-1-бабында көзделген тұрғынжайға өз құқығымды іске асыру үшін ______________ __________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюыңызды сұраймын.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен ағымдағы тұрғын үй төлемін тағайындағанға дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, " Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін .

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғынжайға мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __ .__20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Баянат берілген күн"

______________________________
аудандық пайдалану (атауы)
бөлімінің бастығына

_______________ мекенжайы
бойынша тұратын әскери
қызметші

__________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының

__________________________
әскери атағы, тегі, аты, әкесінің
аты (болса)

__________________________
(мемлекеттік мекеменің (әскери
бөлімнің) атауы)

**Баянат**

Сізден "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-1-бабына сәйкес ҚР ҚК тұрғынжай қорынан қызметтік тұрғынжай беру үшін және ( немесе) ағымдағы тұрғын үй төлемін алу үшін мені және менің отбасы мүшелерімді қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы баянатпен бұрын ұсынылған менің мәліметтерімді не менің отбасы мүшелерімнің мәліметтерін өзгертуіңізді сұраймын:

1. Өтініш иесінің ЖСН: ____________________________________________________;

2. Отбасы мүшесінің ЖСН (деректері жаңартылатын): ___________________________;

3. Деректерді өзгерту, жаңарту не толықтыру себебі және растайтын құжат: _________.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілгенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, " Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін .

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің

қызметтік тұрғынжайға мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
4-қосымша

# Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1. | **Мемлекеттік қызметтің атауы** | **"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою"** |
| 2. | Мемлекеттік қызметтің кіші түрінің (болса) атауы | Жоқ |
| 3. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері |
| 4. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (болса) ұсыну тәсілдері | www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) |
| 5. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 6. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған) |
| 7. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету нәтижесі | Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама беру;<br>Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызметшінің қызмет орны бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемін алу үшін қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама беру;<br>Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешім беру. |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан | Тегін |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | |
| 9. | Көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілердің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде баянаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) мемлекеттік мекеменің кадр бөлімшесі (жасақтау бөлімшесі, персоналмен жұмыс бөлімшесі) берген, атқарып отырған лауазымы көрсетілген қызмет орнынан, отбасы құрамы туралы және баянат тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына ақшалай өтемақы немесе біржолғы тұрғын үй төлемі алынғаны немесе алынбағаны туралы (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда), тұрғын үй төлемін тағайындау (тағайындамау) туралы, баянат тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған тұрғын үй төлемін тоқтата тұру не тоқтату туралы, жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы және кейіннен сатып алу құқығымен тұрғынжайды жалға алу шарттары бойынша міндеттемені орындау туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда); |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушы жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>3) көрсетілетін қызметті алушының бұрынғы қызмет орны бойынша қызметтік тұрғынжайды тапсырғаны не онымен қамтамасыз етілмегені туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;<br>4) қызметтік тізімінің (әскери бөлімдер мен лауазымдарын көрсетпей қызметті өткерген елді мекенді көрсету) электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>5) неке бұзылған жағдайда неке бұзылғаннан кейін бала (балалар) ата-аналарының қайсысымен тұратынын көрсете отырып, некені бұзу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі сот тәртібімен беріледі (цифрлық жүйеде мәліметтер болмаған кезде).<br>Сот бұрын шығарылған сот шешімінің күшін жойған кезде қызметкер немесе әскери қызметші бұл туралы он жұмыс күні ішінде мекемені хабардар етеді;<br>6) егер көрсетілетін қызметті алушының зайыбы (жұбайы), оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптылар болып табылатын немесе болған әскери қызметші және (немесе) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органның, ішкі істер органының, азаматтық қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшесінің қызметкері болып табылса, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10. | | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алғаны немесе алмағаны туралы; өтеусіз жекешелендіру құқығының немесе біржолғы тұрғын үй төлемінің орнына ақшалай өтемақы алғаны немесе алмағаны туралы; тұрғын үй төлемін тағайындау ( тағайындамау) туралы; тұрғын үй төлемін тоқтата тұру не тоқтату туралы, жасалған ипотекалық тұрғын үй қарызы және кейіннен сатып алу құқығымен тұрғын үйді жалдау шарттары бойынша міндеттемелерді орындау туралы мәліметтер көрсетілген қызмет орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі;<br>7) қызметкер, әскери қызметші не оның зайыбы (жұбайы) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды жекешелендірген жағдайда мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайды жекешелендіру шартының көшірмесі (цифрлық жүйеде мәліметтер болмағанда);<br>8) асырап алған баласы (балалары) болған кезде баланы (балаларды) асырап алғаны туралы сот шешімі ұсынылады (цифрлық жүйеде мәліметтер болмағанда);<br>9) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда көрсетілетін қызметті алушы санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы жүргізген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық көшірмесін қосымша ұсынады ( цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>10) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген техникалық |

| | | |
|---|---|---|
| | | талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда көрсетілетін қызметті алушы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аттестатталған сарапшының техникалық қорытындысының (тұрғын үйді техникалық тексеру нәтижелері бойынша) электрондық көшірмесін қосымша ұсынады;<br>11) егер көрсетілетін қызметті алушы тұрғын үй жағдайларын жақсарту қажеттілігіне байланысты оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы баянат берген жағдайда тұратын тұрғын үйдің алаңын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;<br>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, некеге тұру немесе оны бұзу, балалардың тууы туралы, жылжымайтын мүліктің жоқ екені (болуы) туралы (Қазақстан Республикасы бойынша) куәлікті, мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерін жалдау шартының тізілімінен жалдаушы бойынша, отбасында он сегіз жасқа толмаған мүгедек бала болған кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінен мүгедектік туралы, "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген) аталған аурулармен ауыратын отбасы мүшелері болған кезде денсаулық сақтау ұйымынан ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан |

| | | |
|---|---|---|
| 11. | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, қолжетімділік шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) Қағидалардың 4-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктерді жоймау |
| 12. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған телефон арқылы алуға болады. |

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін)
есепке қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
5-қосымша

Нысан

e-gov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __ .__20__

**Қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету үшін___________________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама**

Әскери қызметші ______________________________________________________________,
(көрсетілетін қызметті алушының әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болса)
оның және оның отбасы мүшелерінің

1)________________________________________________________________________;
(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

2)________________________________________________________________________;
(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

3)________________________________________________________________________;
(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

_______________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету үшін
(елді мекен атауы)
реттік нөмірі _____________ болып қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрғаны
кезектегі нөмірі)
туралы берілді.

Көрсетілетін қызметті берушінің 20 __ жылғы "____" ____________ № ____ шешімімен әскери
қызметші ____________________________________________ және оның отбасы мүшелері
(тегі және инициалы (болса)
______________________ бастап тұрғынжайға мұқтаж деп танылды.

Анықтама талап етілетін орны бойынша ұсыну үшін берілді.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні"

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы<br>Қарулы Күштерінің<br>қызметтік тұрғынжайға мұқтаж<br>әскери қызметшілерін есепке<br>қою" мемлекеттік қызметін<br>көрсету қағидаларына<br>6-қосымша

Нысан

eGov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған<br>Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір<br>Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты<br>Дата и время получения __.__.20__

**__________________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама**

Әскери қызметші ____________________________________________________________,

(көрсетілетін қызметті алушының әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болса) ол және оның отбасы мүшелері:

1)__________________________________________________________________________;

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

2)__________________________________________________________________________;

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

3)_____________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

_______________________________________ елді мекенінде әскери қызметшінің қызмет орны (елді мекен атауы)

бойынша ағымдағы тұрғын үй төлемін алу үшін қызметтік тұрғынжайға мұқтаж деп танылды.

Көрсетілетін қызметті берушінің 20 __ жылғы "____" ___________ № ____ шешімімен

әскери қызметші __________________________________________ және оның отбасы мүшелері (тегі және инициалы (болса)

______________________ бастап тұрғынжайға мұқтаж деп танылды. (күні, айы, жылы)

Анықтама талап етілетін орны бойынша ұсыну үшін берілді.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғынжайға мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
7-қосымша

Нысан

e.gov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама**

________________________________________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік қызметтің атауын көрсету)

мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тарту үшін _______________________________________

("Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормасына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себебін және бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады .

Көрсетілетін қызметті берушінің 20 _ жылғы "_" _________ № _______ шешімімен "____" _________________________________ әскери қызметшіні (әскери қызметшілерді)

(тегі және инициалы (болса)

және оның отбасы мүшелерін тұрғын үйге мұқтаж деп танудан бас тартылды.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің

қызметтік тұрғын үйге мұқтаж
әскери қызметшілерін есепке
қою" мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
8-қосымша
Нысан

eGov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __ .__20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешім**

Көрсетілетін қызметті берушінің әскери қызметшіні ______________________________

(тегі және инициалы (болса)

және оның отбасы мүшелерін тұрғынжайға мұқтаж деп танудан бас тартқаны туралы

20 __ жылғы "____" ___________ № ____ шешімі.

________________________________________________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тарту үшін ______________________________________

("Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Жеке деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай

нормасына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартудың себебін және бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады .

Осы қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешімге осы Қағиданың

8 – 12-тармақтарына сәйкес шағымдануға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____________________ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2022 жылғы 29 қарашадағы
№ 1141 бұйрығымен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайын жалға алу шартын жасау және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайын жалға алу шартын жасау және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайын жалға алу шартын жасау және ұзарту" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері;

2) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшісі (мерзімді әскери қызмет әскери қызметшісін, резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшіні, курсантты, тыңдаушыны, кадетті, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттіні қоспағанда), Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персонал адамдары (қызметкерлері) және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен әскери қызметтен шығарылған адамдар;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы айқындаған лауазымды адам;

4) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де

көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

5) ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі " Жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесі.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасау не Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзарту үшін портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған баянатпен (өтінішпен) өтініш жасайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету баянатты (өтінішті) және оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдауды және тіркеуді, көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілген баянатты (өтінішті) және құжаттарды өңдеуді және беруді, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастыруды, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін " цифрлық үкімет" порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберуді қамтамасыз ететін ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесі пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшелігі ескерілген мәліметтер Қағидаларға 3-қосымшада (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі (бұдан әрі – құжаттар) Тізбенің 10-тармағында айқындалған.

5. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұранымды қарау белгісі туралы ақпарат көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште ( баянатта) және (немесе) құжаттарда қате немесе дәлсіздік анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, Тізбенің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды қайта ұсынады.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға баянатты және (немесе) құжаттарды қабылдау күні көрсетілетін қызметті алушының алғашқы жүгінген күні болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

6. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды қарау және қызметтік тұрғынжайды жалдау шартын беру баянат ( өтініш) қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Тізбенің 7-тармағында айқындалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық түрде көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" Қағидаларға 6 немесе 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша бас тарту себептері көрсетіліп, жауап көрсетіледі . Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылғанда көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау жүргізілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады.

8. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оларды көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғарғы әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

10. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік актіні қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуі мүмкін.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

13. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер
10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
__ .__20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Баянат (өтініш) берілген күн"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі _____
аудандық пайдалану бөлімінің
бастығына (атауы)

___________________________

(әскери қызметшіден, азаматтық
персоналдан немесе Қазақстан

Республикасының Қарулы
Күштерінен әскери қызметтен
шығарылған адамнан)

______________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының әскери атағы (болса),
тегі, аты, әкесінің аты (болса)

______________________________
(мемлекеттік мекеменің немесе
әскери бөлімнің атауы (болса)
мынадай мекенжай бойынша
тұратын:

______________________________

**Баянат (Өтініш)**

Сізден ______________________ гарнизоны көрсетілетін қызметті берушісінің (атауы)

__________ №________ шешіміне сәйкес менімен және менің отбасымның мүшелерімен

______________________

(күні) (нөмірі)

мекенжайы бойынша ________________________________________________________

(мекенжай атауы) (ашық/жабық (оқшауланған) әскери қалашықта немесе жатақханада) орналасқан қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасауыңызды сұраймын.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжайды босатқанға немесе оны жекешелендіргенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, "Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Қазақстан Республикасы

Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайын жалға алу шартын жасау және ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

eGov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Баянат (өтініш) берілген күн"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі _____
аудандық пайдалану бөлімінің
бастығына (атауы)

____________________________

(әскери қызметшіден, азаматтық
персоналдан немесе
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінен
әскери қызметтен шығарылған
адамнан)

____________________________

(көрсетілетін қызметті
алушының әскери атағы (болса),
тегі, аты, әкесінің аты (болса)

____________________________

(мемлекеттік мекеменің немесе
әскери бөлімнің атауы
(болса) мынадай мекенжай
бойынша тұратын:

____________________________

**Баянат (Өтініш)**

Сізден маған және менің отбасымның мүшелеріне ______________________________
_
(мекенжай атауы)

мекенжайы бойынша____________________________ орналасқан қызметтік тұрғынжайды (ашық/жабық (оқшауланған) әскери қалашықта немесе жатақханада) жалға алу шартын ұзартуыңызды сұраймын.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжайды босатқанға немесе оны жекешелендіргенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, "Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры",

"Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| **1** | **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы** | **"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайын жалға алу шартын жасау және ұзарту"** |
|---|---|---|
| 2. | Мемлекеттік қызметтің кіші түрінің (болса) атауы | Жоқ |
| 3. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері |
| 4. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (болса) ұсыну тәсілдері | www.egov.kz "электрондық үкімет " веб-порталы (бұдан әрі – портал) |
| 5. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (болса) көрсету мерзімі | 10 (он) жұмыс күні |
| 6. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған) |
| 7. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі | 1) қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын (бұдан әрі – Шарт) немесе Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасаудан бас тарту туралы анықтаманы портал арқылы беру қызметтік тұрғынжайды 12 айға жалға алу шартын жасау болып табылады;<br>2) Шарт талаптарына сәйкес жасалған қосымша келісімді |

| | | |
|---|---|---|
| | | немесе Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзартудан бас тарту туралы анықтаманы портал арқылы беру қызметтік тұрғынжайды 12 айға жалға алу шартын ұзарту болып табылады |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 9. | Көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілердің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Ең бек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күнін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының Еңбе к кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде баянаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1. Қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасау үшін Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат (өтініш) және мынадай құжаттар беріледі:<br>1) мемлекеттік мекеменің кадр бөлімшесі (жасақтау бөлімшесі, персоналмен жұмыс бөлімшесі) берген қызмет (жұмыс) орнынан отбасының құрамы және өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына өтемақы алу туралы анықтамалардың электрондық көшірмесі (әскери қызметтен шығарылған адамға көрсетілген анықтамаларды қорғаныс істері бөлімшесі немесе Қазақстан |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы береді) (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>2) қызметтік тізімінің (әскери бөлім мен лауазымын көрсетпей, қызмет өткерген елді мекенді көрсетумен) не еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>3) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат (өтініш ) тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушы жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтамасының электрондық көшірмесі.<br>2. Қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзарту үшін Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянат (өтініш) және мынадай құжаттар беріледі:<br>1) мемлекеттік мекеменің кадр бөлімшесі (жасақтау бөлімшесі, персоналмен жұмыс бөлімшесі) берген қызмет (жұмыс) орнынан отбасының құрамы және өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына өтемақы алу туралы анықтамалардың электрондық көшірмесі (әскери қызметтен шығарылған адамға көрсетілген анықтамаларды қорғаныс істері бөлімшесі немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы береді) (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>2) қызметтік тізімінің (әскери бөлім мен лауазымын көрсетпей, қызмет өткерген елді мекенді көрсетумен) не еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда); |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 3) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат (өтініш ) тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушы жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтамасының электрондық көшірмесі;<br>4) коммуналдық көрсетілетін қызмет бойынша берешектің болмауы туралы мәліметтер.<br>3. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 6-тармағының 6 -1) тармақшасында және 7-тармағында, сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 109-бабы 2-тармағының 2-1 және 2-2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан шығарылған адамдар үшін қызметтік тұрғын үйді жалдау шартын жасасу Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес көзделген нысан бойынша мынадай құжаттарды ұсынумен жүзеге асырылады:<br>1) әскери бөлімінің және (немесе) мекеменің жеке құрамынан шығарыла отырып, отбасының құрамы туралы, жұмыстан босату туралы бұйрықтан үзіндінің электрондық көшірмесін жергілікті әскери басқару органы немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы береді (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>2) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат (өтініш ) тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтамасының электрондық көшірмесі.<br>4. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 6-тармағының 6 -1) тармақшасында және 7-тармағында, сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 109-бабы 2-тармағының 2-1 және 2-2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша жұмыстан шығарылған адамдар үшін қызметтік тұрғын үйді жалдау шартын ұзарту Қағидаларға 2-қосымшада көзделген нысан бойынша мынадай құжаттарды берумен жүзеге асырылады:<br>1) әскери бөлімінің және (немесе) мекеменің жеке құрамынан шығарылып, қызметтен шығару туралы, отбасы құрамы туралы бұйрықтан үзіндінің электрондық көшірмесін жергілікті әскери басқару органы немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы береді ( цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>2) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат (өтініш ) тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжай алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушының жұбайының (зайыбының) жұмыс орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі;<br>3) коммуналдық көрсетілетін қызмет бойынша берешектің болмауы туралы мәліметтер.<br>Жеке басын куәландыратын құжат , некеге тұру немесе оны бұзу, балалардың тууы туралы куәлік, ( Қазақстан Республикасы бойынша ) жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы мәліметтерді, мемлекеттік тұрғын | |

| | | |
|---|---|---|
| | | үй қоры объектілерін жалдау шартының тізілімінен жалдаушы бойынша ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйеден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 11. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, берілетін қолжетімділік шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) Қағидалардың 5-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін анықталған кемшіліктерді жоймау. |
| 12. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған телефон арқылы алуға болады. |

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша
Тегі, аты, әкесінің аты
(болса)
______________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

eGOV Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __ .__.20__

**_______________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасаудан бас тарту туралы анықтама**

__________________________________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тарту үшін

__________________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормасына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы

__________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

мен оның отбасы мүшелеріне қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасаудан бас тартылғаны туралы 20 __ жылғы "____" ___________ №___ шешімі.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: __ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
5-қосымша

Тегі, аты, әкесінің аты
(болса)
____________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер
10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
__.__.20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзартудан бас тарту туралы анықтама**

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін ______________________________
_

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

__________________________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормаларына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы __________________
_________________________________________________________ мен

(тегі, аты, әкесінің аты (болса)

оның отбасы мүшелеріне қызметтік тұрғынжайды жалдау шартын ұзартудан бас тартылғаны туралы

20 __ жылғы "____" ___________ № ____ шешімі.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: __ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасаудан бас тарту туралы шешім**

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы
________________________________________ және оның отбасы мүшелеріне
(тегі, аты, әкесінің аты (болса)
қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын жасаудан бас тартылғаны туралы 20 __ жылғы "____" ___________ № ____ шешімі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін _____________________________ ______________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

_______________________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормаларына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес

мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Осы қызметтік тұрғын үйді жалдау шартын жасасудан бас тарту туралы шешімге осы

Қағидалардың 9 – 13-тармақтарына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ______________________ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайын жалға алу шартын
жасау және ұзарту" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
7-қосымша

Нысан

eGov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзартудан бас тарту туралы шешім**

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы
_____________________________________________________ мен оның отбасы мүшелеріне

(тегі, аты, әкесінің аты (болса)

қызметтік тұрғынжайды жалға алу шартын ұзартудан бас тартылғаны туралы 20 __ жылғы "____" ___________ № ____ шешімі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін

_____________________________________________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

______________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормаларына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес

мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Қызметтік тұрғын үйді жалдау шартын жасасудан бас тарту туралы осы шешімге осы Қағидалардың 9 – 13-тармақтарына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ______________________ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2024 жылғы 22 шілдедегі
№ 765 бұйрығымен
бекітілген

## "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын (қызметкерлерін) есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын (қызметкерлерін) есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Қарулы

Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын ( қызметкерлерін) есепке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері;

2) көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персонал адамдары (қызметкерлері);

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы – көрсетілетін қызметті берушінің басшысы айқындаған лауазымды адам;

4) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

5) ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесі.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталы арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған өтінішпен жүгінеді. Көрсетілетін қызметті алушы мәліметті жаңарту, өзгерту немесе толықтыру үшін портал арқылы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған өтініш береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшелігі ескерілген мәліметтер Қағидаларға 3-қосымшада (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі (бұдан әрі – құжаттар) Тізбенің 10-тармағында айқындалған.

Мемлекеттік қызмет көрсету өтініштерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдауды және тіркеуді, көрсетілген өтініштерді және құжаттарды өңдеуді және көрсетілетін қызметті берушіге беруді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастыруды, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін "цифрлық үкімет" порталы арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жіберуді қамтамасыз ететін ЖР АЖ ИШ цифрлық жүйесін пайдаланып жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге сұранымды қарау белгісі туралы ақпарат көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы ұсынған өтініште және ( немесе) құжаттарда қате немесе дәлсіздік анықталған, олар нысаны мен мазмұны бойынша қойылатын талаптарға сәйкес келмеген, Тізбенің 10-тармағында көзделген құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету процесін тоқтата тұрады.

Көрсетілетін қызметті алушы анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттарды қайта ұсынады.

Кемшіліктер жойылған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтінішті және (немесе) құжаттарды қабылдау күні көрсетілетін қызметті алушының алғашқы жүгінген күні болып есептеледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі анықталған кемшіліктер жойылған сәттен бастап қайта басталады.

Анықталған кемшіліктер жойылмаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

5. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық берген кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін қарайды.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру өтініш қабылданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі Тізбенің 7-тармағында айқындалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық түрде көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту себептері көрсетіліп, жауап көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылғанда көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау жүргізілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады.

7. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші деректерді цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оларды көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "цифрлық үкіметтің" операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген немесе өзгертілген күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғарғы әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

9. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуі мүмкін.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын (қызметкерлерін)
есепке қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Өтініш берілген күн"

________________________
аудандық (атауы)
пайдалану бөлімінің бастығына
________________ мекенжайы
бойынша тұратын
азаматтық персонал

___________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, әкесінің
аты (болса)

___________________________
(мемлекеттік мекеменің (әскери
бөлімнің) атауы)

**Өтініш**

Сізден мені және менің отбасымның мүшелерін "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 75-бабының 1-тармағында көзделген тұрғынжайға өз құқығымды іске асыру үшін _________________________ гарнизоны бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюыңызды сұраймын.

Отбасы құрамы: 1. _______________________________________________________.

(отбасы мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (болса), туыстық дәрежесі)

ЖСН: ________________________.

Менде және менімен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде осы елді мекенде тұрақты пайдалануда коммуналдық тұрғынжай қорынан берілген тұрғынжайдың болуын немесе болмауын тексеруге қарсы емеспін.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілгенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, " Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік

мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін .

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін) есепке қою"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__20__

№________ "Тіркеу нөмірі" _________ "Өтініш берілген күн"

_______________________
аудандық (атауы)
пайдалану бөлімінің бастығына
________________ мекенжайы
бойынша тұратын
азаматтық персонал
__________________________
(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты,
әкесінің аты (болса)
__________________________
(мемлекеттік мекеменің (әскери
бөлімнің) атауы)

**Өтініш**

Сізден "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 75-бабының 1-тармағына сәйкес ҚР ҚК тұрғынжай қорынан қызметтік тұрғынжай беру үшін мені есепке қоюға өтінішпен бұрын ұсынылған менің мәліметтерімді не менің отбасы мүшелерімнің мәліметтерін жаңартуыңызды, өзгертуіңізді немесе толықтыруыңызды сұраймын:

1. Өтініш иесінің ЖСН: ________________________________________________;

2. Отбасы мүшесінің ЖСН (деректері жаңартылатын): ___________________________;

3. Деректерді өзгерту, жаңарту не толықтыру себебі және растайтын құжат: ________.

Менде және менімен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде осы елді мекенде тұрақты пайдалануда коммуналдық тұрғынжай қорынан берілген тұрғынжайдың болуын немесе болмауын тексеруге қарсы емеспін.

"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кейіннен қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз етілгенге дейін дербес деректерді өзектілендіріп, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге, " Азаматтық хал актісін тіркеу", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры", "Жеке тұлғалардың мемлекеттік дерекқоры", "Қазтізілім", "Мемлекеттік мүлік тізілімі", "Мобильді азаматтар базасы" цифрлық жүйесінде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді сақтауға және пайдалануға келісім беремін.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін)
есепке қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
3-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1. | **Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы** | **"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғынжайға мұқтаж азаматтық персонал адамдарын ( қызметкерлерін) есепке қою"** |
| 2. | Мемлекеттік қызметтің кіші түрінің (болса) атауы | Жоқ |
| 3. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті және оның кіші түрлерін (болса) ұсыну тәсілдері | www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (болса) көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні |
| 6. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 7. | Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (болса) көрсету нәтижесі | Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама беру;<br>Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама және Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешім беру |
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 9. | Көрсетілетін қызметті берушінің және цифрлық объектілердің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күнін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін<br>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Кодекске сәйкес демалыс және мереке күні өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) |
| | | 1) еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда); |

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 2) мемлекеттік мекеменің кадр бөлімшесі (жинақтау бөлімшесі, персоналмен жұмыс бөлімшесі) берген жұмыс орнынан, отбасы құрамы туралы және өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына өтемақы және біржолғы тұрғын үй төлемін алу туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (цифрлық жүйеде мәліметтер болмаған кезде);<br>3) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының жұбайының (зайыбының) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алғаны туралы мәліметтері бар, өтініш тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған анықтаманың электрондық көшірмесі (цифрлық мәлімет болмаған жағдайда);<br>4) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда өтініш иесі санитариялық-эпидемиологиялық қызмет ұйымы жүргізген санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының электрондық көшірмесін қосымша ұсынады (цифрлық жүйеде мәлімет болмағанда);<br>5) отбасы тұратын тұрғын үй белгіленген техникалық талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда өтініш иесі сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы аттестатталған сарапшының техникалық қорытындысының (тұрғын үйді техникалық тексеру нәтижелері бойынша) электрондық көшірмесін қосымша ұсынады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, некеге тұру немесе оны бұзу, балалардың тууы туралы, жылжымайтын мүліктің жоқ екені (болуы) туралы (Қазақстан Республикасы бойынша) куәлікті, мемлекеттік тұрғын үй қоры объектілерін жалдау шартының тізілімінен жалдаушы бойынша ақпарат, отбасында он сегіз жасқа толмаған мүгедек бала болған кезде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінен мүгедектік туралы, "Кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерінің тізімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-14 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26830 болып тіркелген) аталған аурулармен ауыратын отбасы мүшелері болған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 11. | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (болса) көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитін, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі | 1) көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін, қолжетімділік шектелген дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) Қағидалардың 4-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру мерзімі өткеннен |

| | | |
|---|---|---|
| | | кейін анықталған кемшіліктерді жоймау. |
| 12. | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған телефон арқылы алуға болады. |

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін)
есепке қою" мемлекеттік
қызметін көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер
10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
__ .__.20__

**___________________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама**

көрсетілетін қызметті алушы ____________________________________________ __,

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болса)

оның және оның отбасы мүшелерінің:

1)_______________________________________________________________________;

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

2)_________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

3)_________________________________________________________________
__;

(көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты (болса)

___________________ елді мекенінде реттік нөмірі ______________ болып қызметтік

(елді мекен атауы) (кезектегі нөмірі)

тұрғынжайға мұқтаждар есебінде тұрғаны туралы берілді.

Көрсетілетін қызметті берушінің 20 __ жылғы "____" ___________ № _________ шешімімен

көрсетілетін қызметті алушы ________________________________________ мен

оның (тегі және инициалы (болса)

отбасы мүшелері ____________________ бастап тұрғынжайға мұқтаж деп танылды. (күні, айы, жылы)

Анықтама талап етілетін орны бойынша ұсыну үшін берілді.

Анықтама берілген күні_________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (бар болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік
тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін) есепке қою"
мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

e.gov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

Тегі, аты, әкесінің аты (болса) _______________________________________
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама**

______________________________________________________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) мемлекеттік қызметін көрсетуден бас тарту үшін

______________________________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормасына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің 20 _ жылғы "_" _________ № _______ шешімімен "____" ___________________________________ көрсетілетін қызметті алушы
(тегі және инициалы (болса)
мен оның отбасы мүшелерін тұрғын үйге мұқтаж деп танудан бас тартылды.

Анықтама берілген күні__________ "Берілген күні".

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қол қойылған қағаздағы құжатпен бірдей

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің қызметтік

тұрғынжайға мұқтаж азаматтық
персонал адамдарын
(қызметкерлерін) есепке қою"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

e.gov Құжат электрондық үкімет порталымен құрылған
Документ сформирован порталом электронного правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер 10100005854446

Алу күні мен уақыты
Дата и время получения __.__.20__

**________________ елді мекенінде қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешім**

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызмет алушы ____________________________________________________ мен оның отбасы мүшелеріне

(тегі және инициалы (болса)

қызметтік тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қоюдан бас тартылғаны туралы 20 __ жылғы

"____" ___________ № ____ шешімі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін _________________________________

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)

_____________________________________________________________________________

(бас тарту себебін және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қандай нормасына және осы Қағидалардың қандай тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылғанын көрсету) негіз болып табылады.

Осы қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы шешімге осы

Қағидалардың 8 – 12-тармақтарына сәйкес шағымдануға болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____________________ "Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болса)"

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62-бабына сәйкес қағаздағы құжатпен бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК